# "Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2022 жылғы 26 тамыздағы № 273 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 61 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қыркүйекте № 29447 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12636 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидалары және тексеру парақтарының нысандарына сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.";

3-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) өрескел бұзушылық – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу, жануарлар мен адамдардың улануына алып келетін ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамау, сондай-ақ материалдық-техникалық жарақтандыруға, сынамаларды іріктеуге қойылатын талаптарды сақтамау, ветеринариялық есепке алуды және есептілікті жүргізбеу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізбеу, шағымдар мен арыздардың болуы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринария саласындағы талаптарын бұзу.";

көрсетілген өлшемшарттарға 11 және 12-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 12 және 13-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ұлттық экономика министрі* __________*А. Куантыров*

*Қазақстан Республикасы*
*Ауыл шаруашылығы министрінің*
*міндетін атқарушы* __________*Р. Курманов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы № 61
мен
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы

2022 жылғы 26 тамыздағы
№ 273 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
11-қосымша

# Жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері жүргізетін бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілікті мониторингтеу нәтижелері | | |
| 1. | Мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған биопрепараттардың бар-жоғы және оларды жұмсау туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| 2. | Жануарлардың аурулары туралы есепті ұсынбау | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы мәліметтерге сәйкес келетін жеке нөмірлері көрсетілген вакциналау, аллергиялық зерттеулер, өңдеу жүргізілген жануарлар актілерінің, тізімдемелерінің болуы | Өрескел |
| 4. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптарды сақтау:<br>1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу орнын және уақытын айқындайды;<br>2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізеді;<br>3) жануарға жеке нөмір береді;<br>4) дерекқордың жүргізілуін жүзеге асырады (дерекқорға деректер енгізу);<br>5) жануар иесіне ветеринариялық паспорт береді | Өрескел |
|  | Биологиялық материалдардан сынамалар алу және оларды |  |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. | ветеринариялық зертханаға жеткізу жөніндегі талаптарды сақтау | Өрескел | |
| 6. | Үш жыл бойы сақталуы тиіс берілген ветеринариялық анықтамаларды, көшірмелер мен түбіртектерді есепке алудың болуы | Өрескел | |
| 7. | Жануарлардың аса қауіпті және энзоотикалық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған аспаптар мен құралдардың аз қажетті санының болуы:<br>1) ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған жануарларды қозғалтпай ұстау құрылғысы;<br>2) инесіз инъектор;<br>3) термочемодандар;<br>4) жаппай екпе жасауға арналған аппарат (металдан жасалған);<br>5) кутиметр;<br>6) ұнтақ беру құрылғысы ( дәрі-дәрмек үшін);<br>7) бұқаға арналған мұрын сақинасы;<br>8) қайшылар;<br>9) мақта (стерильді емес);<br>10) ветеринариялық термометр | Өрескел | |
| 8. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған тоңазытқыштың және тоңазытқыш агенті бар термосыйымдылықтың ( өлшемдері 100x100x200 сантиметрден (бұдан әрі – см) аспайтын), сондай-ақ металл шкафтың болуы | Өрескел | |
| 9. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған және бүкіл сақтау мерзімі ішінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мамандандырылған қойма үй-жайларының болуы | Өрескел | |
| 10. | Ветеринариялық препараттардың қозғалысын есепке алудың болуы | Өрескел | |
| 11. | Үй-жайлардың температурасы мен ылғалдылығына тұрақты бақылау жүргізу, сондай-ақ үй-жайларды жинау және өңдеу | | |
| | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12. | жүргізу туралы ведомостердің болуы | Елеулі | |
| 13. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттардың қажетті ең аз тізбесімен қамтамасыз ету жөніндегі талапты сақтау:<br>1) суық және ыстық таңбалауды жүргізуге арналған аппарат;<br>2) сырға салуды жүргізуге арналған аппарат;<br>3) өзі желімденетін штрих-кодтарды басып шығаруға арналған принтер;<br>4) жануарлардың жеке нөмірлерін санауға арналған сканер;<br>5) аспаптарға, құралдарға және атрибуттарға арналған сөмке | Елеулі | |
| 14. | Дезинфекциялау қондырғылары бар автомашиналардың (сыйымдылығы 500-600 литр) болуы | Елеулі | |
| 15. | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауға арналған тұзақ құралдарының болуы және оларды аулау талаптарының сақталуы | Елеулі | |
| 16. | Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілетін мал қорымдарын қоспағанда, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес ұстау жөніндегі талаптарды сақтау:<br>1) биіктігі 2,5 метр (бұдан әрі – м), ұзындығы 6 м, ені 3 м болатын қалқа;<br>2) жануарлардың өлекселерін союға, дезинфекциялаушы құралдарды, мүкәммалды, арнайы киімді және құрал-саймандарды сақтауға арналған үй-жайлар;<br>3) шұңқырдан шығарылған диаметрі 25 см және биіктігі 3 м сорғыш мұржа;<br>4) биіктігі кемінде 2 м кіру қақпасы бар дуал; | Өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | 5) дуалдың ішкі жағынан бүкіл периметрі бойынша тереңдігі 0,8 – 1,4 м және ені 1,5 м траншея;<br>6) шұңқырдың екі қабатты жабыны;<br>7) көпір | |
| 17. | Ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілетін мал қорымдарын ұстау жөніндегі талаптарды сақтау:<br>1) сібір жарасының топырақты ошақтарының координаттары мен шекараларын белгілей отырып, сібір жарасының тіркелген эпизоотиялық ошақтары туралы ақпараттың болуы;<br>2) адамдар мен жануарлардың өтіп кетуіне жол бермейтін топырақтағы ошақтарды бүкіл периметрі бойынша биіктігі кемінде 1,5 метр дуалмен (метал немесе бетон) қоршау. Топырақты ошақта "Сібір жарасы" деген жазуы бар (аурудың пайда болған күнімен) тақтайшалардың болуы; | Өрескел |
| 18. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және жүргізілуі:<br>1 ) ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журнал (ветесепке алу, № 1-вет нысан);<br>2) жануарлардың ауруларын тіркеуге арналған журнал ( ветесепке алу, № 2-вет нысан) | Өрескел |
| 19. | Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған аспаптар мен құралдардың ең төменгі қажетті санымен қамтамасыз етілу (жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде) жөніндегі талапты сақтау:<br>1) ұрықтандырушы техниктің чемоданы (жинақталған);<br>2) микроскоп;<br>3) Дьюар ыдысы, 35 литр;<br>4) Дьюар ыдысы, 6 литр | Болмашы |

| | | |
|---|---|---|
| Бақылау және қадағалау субъектісінің кінәсынан туындаған ыңғайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 20. | Бақылау және қадағалау субъектісінің жануарлардың инфекциялық және паразитарлық ауруларының дамуына және таралуына, сондай-ақ жануарлардың қырылуына, адамдардың және жануарлардың ауруға шалдығуына немесе жұқтыруына алып келетін жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілмеу фактілерінің болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 21. | Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтамау фактілері бойынша бір немесе одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 22. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау аясында берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау | Өрескел |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері | | |
| 23. | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды бұзу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 24. | Бақылау және қадағалау субъектісінің құрылысын жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған мал қорымдарын ( биотермиялық шұңқырларды) ұстаудың бұзушылықтары туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 25. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ветеринариялық анықтамаларды беруді ресімдеу талаптарының бұзушылықтары | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | туралы расталған ақпараттың болуы | |
| 26. | Бақылау және қадағалау субъектісінің жануарлар мен адамдардың ауруға шалдығуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына алып келетін ветеринариялық препараттарды пайдалану және сақтау шарттарын сақтамауының расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 27. | Бақылау және қадағалау субъектісінің құрылысын жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған сою алаңдарын ( ауыл шаруашалығы жануарларын сою алаңы) ұстауының бұзушылықтары туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 28. | Жоспарлы ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) профилактикалық іс-шаралардың уақытында жүргізілмеуі туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы № 61
мен
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2022 жылғы 26 тамыздағы
№ 273 бірлескен бұйрығына
2-қосымша
Ветеринария саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
12-қосымша

## Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

| № | Бұзу өлшемшарттары | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері жүргізетін бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілікті мониторингтеу нәтижелері | | |
| | Жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өндіруді, дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | өткізуді жүзеге асыратын объектілерде жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық сараптамасы туралы есепті ұсынбау | Өрескел | |
| 2. | Ішкі сауда объектілерінде ( базарларда) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбау | Өрескел | |
| 3. | Мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған биопрепараттардың болуы және оларды жұмсау туралы есепті ұсынбау | Өрескел | |
| 4. | Заңды тұлғалардың ветеринариялық биологиялық препараттарды өндіруі туралы есепті ұсынбауы | Өрескел | |
| 5. | Жануарлардың аурулары туралы есепті ұсынбау | Өрескел | |
| 6. | Ветеринариялық препараттарды қолдану және азық пен азықтық қоспаларды пайдалану туралы есепті ұсынбау | Өрескел | |
| 7. | Ветеринариялық–санитариялық объектілерді салу, лицензиялау, ветеринария саласында қызмет көрсететін ветеринариялық дәрігерлердің саны және жануарларды бірдейлендіру мәселелері туралы есепті ұсынбау | Өрескел | |
| Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы жүргізілген алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) | | | |
| 8. | Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық препараттарды (ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда) сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру жөніндегі талапты сақтау | Өрескел | |
| 9. | Жануарлар өндіріс объектісіне келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау ( карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | Өрескел | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10. | Эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда, оларға зерттеп-қарау жүргізілгені туралы эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісінің болуы | Өрескел | |
| 11. | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | Өрескел | |
| 12. | Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету | Өрескел | |
| 13. | Ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізуге арналған бұйымдар ( құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 14. | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды, ветеринариялық препараттардың профилактикасы мен диагностикасы, оларды сақтауды және тасымалдауды (жеткізу) ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді жүзеге асыру бойынша талапты сақтауы | Елеулі | |
| 15. | Мерзімдерін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау | Елеулі | |
| 16. | Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының бекітілген тізбесінің болуы | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| 17. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру бойынша талапты сақтау | Елеулі |
| 18. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және жүргізілуі | Елеулі |
| 19. | Берілген ветеринариялық-санитариялық қорытындыларды есепке алудың болуы, олардың көшірмелері және түбіртектері үш жыл сақталуы тиіс | Елеулі |
| Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы) | | |
| 20. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, салдарлары жануарлардың инфекциялық, паразитарлық және энзоотиялық ауруларының таралуына, сондай-ақ ветеринариялық іс-шараларды орындау және (немесе) жүргізу салдарынан адамдардың және жануарлардың ауруына немесе улануына алып келетін ветеринариялық іс-шараларды орындауды және (немесе) жүргізуді ұйымдастырудың қамтамасыз етілмеу фактілері туралы ақпараттың болуы | Өрескел |
| Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны | | |
| 21. | Құзыреті шегінде ветеринария саласындағы талаптардың сақталмау фактілері бойынша бір немесе одан да көп расталған шағымның және (немесе) өтінімнің болуы | Өрескел |
| Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері | | |
| 22. | Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдардың орындалуы жөнінде ақпараттың ұсынылмауы | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпаратын талдау нәтижелері | | |
| 23. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ветеринариялық іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу фактілері туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 24. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыруды жүргізбеуінің расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 25. | Бақылау және қадағалау субъектісінің жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды) және өңдеуді қамтамасыз етпеуі туралы бұзушылықтың расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 26. | Бақылау және қадағалау субъектісінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыруды жүргізбеу бұзушылықтарының расталған фактілерінің болуы | Өрескел |
| 27. | Бақылау және қадағалау субъектісінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға ( құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілікті айқындамау және процессингтік орталыққа ақпарат бермеу фактілері туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы № 61
мен
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы

2022 жылғы 26 тамыздағы
№ 273 бірлескен бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы 25
желтоқсандағы № 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
12-қосымша

**Жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________
______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_________
______________________________________________________________________
(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________
______________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ________________________________________________
______________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы________________________________________________
______________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы мәліметтерге сәйкес келетін жеке нөмірлері көрсетілген, вакциналау, аллергиялық зерттеулер, өңдеу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізілген жануарлар актілерінің, тізімдемелерінің болуы | | | | |
| 2. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптарды сақтау:<br>1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу орнын және уақытын айқындайды;<br>2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізеді;<br>3) жануарға жеке нөмір береді;<br>4) дерекқордың жүргізілуін жүзеге асырады (дерекқорға деректер енгізу);<br>5) жануар иесіне ветеринариялық паспорт береді | | | | |
| 3. | Биологиялық материалдардан сынамалар алу және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу жөніндегі талаптарды сақтау | | | | |
| | Үш жыл сақталуы тиіс берілген ветеринариялық анықтамалардың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | , көшірмелер мен түбіртектерді есепке алудың және берудің болуы | | | | |
| 5. | Жануарлардың аса қауіпті және энзоотикалық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған аспаптар мен құралдардың ең аз төменгі қажетті санының болуы:<br>1) ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған жануарларды қозғалтпай ұстау құрылғысы;<br>2) инесіз инъектор;<br>3) термочемодандар;<br>4) жаппай екпе жасауға арналған аппарат (металдан жасалған);<br>5) кутиметр;<br>6) ұнтақ беру құрылғысы (дәрі-дәрмек үшін);<br>7) бұқаға арналған мұрын сақинасы;<br>8) қайшылар;<br>9) мақта (стерильді емес);<br>10) ветеринариялық термометр | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған тоңазытқыштың және тоңазытқыш агенті бар термосыйымдылықтың (өлшемдері 100x100x200 сантиметрден (бұдан әрі – см) аспайтын), сондай-ақ металл шкафтың болуы | | | | |
| 7. | Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған және бүкіл сақтау мерзімі ішінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мамандандырылған қойма үй-жайларының болуы | | | | |
| 8. | Ветеринариялық препараттардың қозғалысын есепке алудың болуы | | | | |
| 9. | Үй-жайлардың температурасы мен ылғалдылығына тұрақты бақылау жүргізу, сондай-ақ үй-жайларды жинау және өңдеу | | | | |
| 10. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу туралы ведомостердің болуы | | | | |
| 11. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттардың қажетті ең аз тізбесімен қамтамасыз ету жөніндегі талапты сақтау:<br>1) суық және ыстық таңбалауды жүргізуге арналған аппарат;<br>2) сырға салуды жүргізуге арналған аппарат;<br>3) өзі желімденетін штрих-кодтарды басып шығаруға арналған принтер;<br>4) жануарлардың жеке нөмірлерін санауға арналған сканер;<br>5) аспаптарға, құралдарға және атрибуттарға арналған сөмке | | | | |
| 12. | Дезинфекциялау қондырғылары бар автомашиналардың (сыйымдылығы 500-600 литр) болуы | | | | |
| | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауға және жоюға арналған | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13. | тұзақ құралдарының болуы және оларды аулау және жою талаптарының сақталуы | | | | |
| 14. | Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілетін мал қорымдарын қоспағанда, мал қорымдарын ( биотермиялық шұңқырларды) мынадай ветеринариялық ( ветеринариялық -санитариялық) талаптарға сәйкес ұстау жөніндегі талаптарды сақтау:<br>1) биіктігі 2,5 метр (бұдан әрі – м), ұзындығы 6 м, ені 3 м болатын қалқа;<br>2 ) жануарлардың өлекселерін союға, дезинфекциялаушы құралдарды, мүкәммалды, арнайы киімді және құрал-саймандарды сақтауға арналған үй-жайлар;<br>3) шұңқырдан шығарылған диаметрі 25 см және биіктігі 3 м сорғыш мұржа;<br>4) биіктігі кемінде 2 м кіру қақпасы бар дуал; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5) дуалдың ішкі жағынан бүкіл периметрі бойынша тереңдігі 0,8 – 1,4 м және ені 1,5 м траншея;<br>6) шұңқырдың екі қабатты жабыны;<br>7) көпір | | | | |
| 15. | Ветеринариялық ( ветеринариялық -санитариялық) талаптарға сәйкес сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілетін мал қорымдарын ұстау жөніндегі талаптарды сақтау:<br>1) сібір жарасының топырақты ошақтарының координаттары мен шекараларын белгілей отырып , сібір жарасының тіркелген эпизоотиялық ошақтары туралы ақпараттың болуы;<br>2) адамдар мен жануарлардың өтіп кетуіне жол бермейтін топырақтағы ошақтарды бүкіл периметрі бойынша биіктігі кемінде 1,5 метр дуалмен (метал немесе бетон) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоршау. Топырақты ошақта "Сібір жарасы" деген жазуы бар ( аурудың пайда болған күнімен) тақтайшалар болуы; | | | | |
| 16. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және толтырылуы: 1 ) ветеринариялық - профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журнал ( ветесепке алу, № 1-вет нысан); 2 ) жануарлардың ауруларын тіркеуге арналған журнал (ветесепке алу, № 2-вет нысан) | | | | |
| 17. | Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған аспаптар мен құралдардың ең төменгі қажетті санымен қамтамасыз етілу ( жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде) жөніндегі талапты сақтау: 1 ) ұрықтандырушы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | техниктің чемоданы ( жинақталған);<br>2) микроскоп;<br>3) Дьюар ыдысы , 35 литр;<br>4) Дьюар ыдысы , 6 литр | | | | |

Лауазымды адам (дар):

_________________ _____________ ________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_________________ ______________ _______________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

_________________ ______________ _______________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы № 61
мен
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2022 жылғы 26 тамыздағы
№ 273 бірлескен бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы 25
желтоқсандағы № 7-1/1130 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 802 бірлескен бұйрығына
13-қосымша

**Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _______________________________

_____________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт_______

_____________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы____________________

_________________________________________________________________________

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _______________________________________________

_________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы___________________________________________

_________________________________________________________________________

| № | Талаптардың тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талапқа сай | Талапқа сай емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды (ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда) сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 2. | Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау (карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы | | | | |
| | Эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда, оларға зерттеп-қарау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | жүргізілгені туралы эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісінің болуы | | | | |
| 4. | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | | | | |
| 5. | Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-бағуды қамтамасыз ету | | | | |
| 6. | Ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7. | мен диагностикасы бойынша ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды, ветеринариялық препараттардың профилактикасы мен диагностикасы, оларды сақтауды және тасымалдауды (жеткізу) ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді жүзеге асыру бойынша талапты сақтауы | | | | |
| 8. | Мерзімдерін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі талапты сақтау | | | | |
| 9. | Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бекітілген тізбесінің болуы | | | | |
| 10. | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді ұйымдастыру бойынша талапты сақтау | | | | |
| 11. | Ветеринариялық есепке алу журналдарының болуы және жүргізілуі | | | | |
| 12. | Үш жыл сақталуы тиіс берілген ветеринариялық анықтамаларды, көшірмелер мен түбіртектерді есепке алудың және берудің болуы | | | | |

Лауазымды адам (дар):

____________________ ________________ __________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

____________________ ________________ __________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

____________________ ________________ __________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) басшысы

____________________ ________________ __________________________________________

(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК